

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.I. – Б.49-51

ДИЗЕЛЬ ҚОЗҒАЛТҚЫШТАРЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ ҚЫСЫМДЫ ОТЫН СОРҒЫСЫН КҮТУ

Қуандықова Т., Шәдібек Д.,
4 курс студенттері С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігі, механикаландырылған дала жұмыстарының маусымдығы және қысқа агротехникалық мерзімде орындалуларына байланысты, техникалар жыл мезгілінің көп уақытында сақтауда тұрады. Сондықтан келесі пайдалануға техника ақаусыз жағдайда болып пайдалануға дайын тұру үшін оларды сақтауға қояр алдында, сақтау барысында және сақтаудан аларда белгіленген технология бойынша арнайы жабдықтармен материалдарды қолданып дайындау, күту, сақтаудан алу операцияларын орындау керек [1]. Мұндай операциялар көбіне күрделі техникаларға, мысалы тракторлармен комбайндарға, жұмыс мерзімі кезеңінде де күрделі техникалық қамту операцияларын (ТҚ-2; ТҚ-3; МТҚ) орындағанда да жүрізіледі.

Мысалы күрделі техникалардың қозғалтқыштарының механизмдерін, жүйелерін күрделі техникалық қамту кезінде ішкі консервациялау деген ұғым және әр механизмнің, жүйенің өзіне тән технологиялары бар [2].

Мысалы, тракторлар мен комбайндардың дизель қозғалтқыштарының қоректендіру жүйесін қарастыратын болсақ, оның ең күрделі тетіктерінің бірі жоғарғы қысымды отын сорғысының техникалық жағдайы қозғалтқыштың, жалпы трактордың және агрегаттың технологиялық операцияны орындау нәтижесіне - агрегаттың өнімділігінің төмендеуіне, әрі отын шығыны ұлғайып өндірілетін дақылдың өзіндік құнына әсер етеді.

Тракторлардың қозғалтқыштарына күрделі техникалық қамту және сақтауға қояр алдында, басқа механизмдері мен жүйелері сыяқты, қоректендіру жүйесіне де арнайы ішкі тазалау және консервациялауды орындайды.

Мұндай ішкі консервациялаудың мақсаты - жүйенің тетіктері ішіндегі жиналған ластан, қақтан тазартып және қозғалтқыштың жұмыс істемейтін мерзімінде тетіктерінің ішін тот басудан қорғау.

Дизель қозғалтқыштарының қоректендіру жүйесін ішкі консервациялау технологиясы келесідей [3].

Қоректендіру жүйесін (отын желілері, отын сүзгілері, саптамалар, отын сорғысы) кон- сервациялау ГОСТ 305-82 бойынша дизель отынының 5 ... 10% АКОР-1 консервациялық қоспасымен жүзеге асырылады.


АКОР-1 қоспасын дизель отынына бірнеше қадаммен қосылады (бір-текті қоспа алынғанша қарқынды араластырып отырады). Қоспаның біртектілігі араластырғыштан төмен қарай ағып жатқан қоспаның ағынында қара немесе қою қоңыр жолақтардың бол- мауымен анықталады.

Ірі сүзгіден отынды ағызып консервант қоспасы бар ыдыстан майыс-қақ түтікті ірі сүзгідегі отын беретін жерге жалғайды және мұқият сүзгіден отынды ағызады. Қоректендіру жүйесін консервант қоспамен толтырады.

Стартерді 1-2 минут аралығымен үш рет қосу арқылы дизельді қозғалтқышты айналдырады. Әрбір айналдырудың ұзақтығы - 15 секунд.

Содан кейін майысқақ түтікті жанармай мұқият сүзгісінен ажыратып, ірі және мұқият отын сүзгілерінен қалған консервант қоспасын ағызу керек.

Біздің тұжырымымыз бойынша осы келтірілген технология бойынша қоректендіру жүйесінің ең күрделі және маңызды тетігі жоғарғы қысымды отын сорғысы барлық ластардан және қақтардан толық тазалануы мүмкін емес деп ойлаймыз. Сондықтан жоғарғы қысымды отын сорғысын, жоғарыағы келтірілген қоспаны айдаланып және режимде, төмендегі



қондырғының көмегімен жеке тазалауды және консервациялауды ұсынамыз. Қондырғының құрылысы күрделі емес, бөменгі суреттен көруге болады.

1-сурет. Отын сорғысын консервациялауға арналған қондырғы. 1-Майысқақ түтік; 2- Ыдыс; 3- Арнайы бұранда; 4- Тығырық;

Ұсынылып отырған қондырғыны пайдаланып қоректендіру жүйесінің жоғарғы қысымды отын сорғысын техникалық қамтулар кезінде және ұзақ сақтауға қоярда күту сорғының пайдалану мерзімін біршама ұзартуы мүмкін.

1. Комплексная система технического обслуживания и ремонта машин в сельском хозяйстве (Часть 1). -М., ГОСНИТИ, 1985.- 143с.

2. Техническая эксплуатация машинно-тракторного парка: практикум/А.Г. Арженовский, С.Л. Никитченко, С.В. Асатурян, Ю.М. Черемисин, В.В. Должиков. – Зерноград: Азово-Черноморский инженерный институт ФГБОУ ВО Донской ГАУ, 2016. – 166 с.

3. Диагностика и ТО машин: краткий курс лекций для студентов IV курса направления подготовки. /Сост.: Ю.В. Комаров // ФГБОУ ВО «Саратовский ГАУ». – Саратов, 2016. – 101 с.